



Автор: Темірбекқызы Баршагүл

Пән: Математика

Сынып: 6-сынып


Бөлім: Рационал сандар және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері

Оқу мақсаттары	6.1.2.17 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану.
Сабақ мақсаттары	рационал сандарды қосудың қасиеттерін қолданады; рационал сандарды көбейтудің қасиеттерін қолданады; ауызша көбейте білу машықтарын дамытады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (8 минут)	<i>Ұйымдастыру кезеңі.</i> 1) Оқушылардың сабаққа қатысуын, сабаққа дайындығын тексеру. 2) Сабақтың мақсаттарымен, күтілетін нәтижелермен таныстыру. 3) Үй тапсырмасын тексеру. 4) Өткен тақырып бойынша сұрақтар қою. 5) Ауызша орында. №1. Бөлек оң және бөлек теріс сандарды қосып, өрнектің мәнін тап.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы (22 минут)</p>	<p><i>Жаңа материал түсіндіру.</i> Мұғалім қысқаша түрде рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін мысалдармен көрсетіп кетеді. Қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін пайдаланып, өрнектерді тиімді ықшамдауға болады.</p> <p><i>Image not found or type unknown</i></p>  <p><i>Қосудың ауыстырымдылық қасиеті.</i> Қосылғыштардың орындарын ауыстырғаннан қосындының мәні өзгермейді. <i>Қосудың терімділік қасиеті.</i> Екі санның қосындысына үшінші санды қосу үшін бірінші санға екінші сан мен үшінші санның қосындысын қосуға болады. <i>Көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті.</i> Көбейткіштердің орындарын ауыстырғаннан көбейтіндінің мәні өзгермейді. <i>Көбейтудің терімділік қасиеті.</i> Екі санның көбейтіндісін үшінші санға көбейту үшін бірінші санды екінші санның және үшінші санның көбейтіндісіне көбейтуге болады. 1-мысал. Қосындының мәнін тап. 2-мысал. Өрнектің мәнін тап. <i>Өтілген материалды бекіту.</i> Тақтада және өз орында әрбір оқушы рационал сандарды тиімді тәсілмен қосуға және көбейтуге байланысты есеп шығарады.</p> <p>Сөзді есеп. «В» №2. Фирманың ақша есебінің өзгерісі бірінші айда екінші айда ал үшінші айда болды. Фирманың үш айдағы ақша есебінің өзгерісі наше теңге? Фирма зиян шеккен бе, әлде пайда тапқан ба? №3. Бөлек оң және бөлек теріс сандарды қосып, өрнектің мәнін тап. Сергіту сәті. Мұғалім оқушылардан денеге арналған жаттығуларды жасауларын сұрайды. «Арқаға арналған жаттығу». Жұптасып деңгейлік тапсырмалар орындайды. Содан кейін мұғалім дайын жауаптарды беріп тексертеді. «А» №4. Көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін пайдаланып есепте. «В» №5. Тиімді тәсілмен есепте. «С» №6. Тиімді тәсілмен есепте.</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 минут)	<p>Сабақты қорытындылау. Оқушыларға сұрақтар қою.</p> <ul style="list-style-type: none"> •Қосудың ауыстырымдылық қасиетінің тұжырымдамасын айтып бер. •Қосудың терімділік қасиеті қалай әріптермен қалай жазылады? •Көбейтудің ауыстырымдылық қасиетінің тұжырымдамасын айтып бер. •Көбейтудің терімділік қасиеті қалай әріптермен қалай жазылады? <p><i>Рефлексия</i></p> <p>"Қолшатыр"әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> -Мен бәрін орындай аламын -Кейбір тапсырмалар қиындық туғызды -Тапсырмалар мен үшін толық қиындық тудырды. <p><i>Үйге тапсырма</i></p> <p>"В" деңгейі №20 есеп</p>	